«6D020600 - Дінтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға дайындаған Токтарбекова Лаура Ниязбековнаның «Қазақстанның мәдени-әлеуметтік кеңістігіндегі ислам дәстүрі: дінтанулық талдау» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысына ресми

СЫН-ПІКІР

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және жалпы ғылыми, жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практикалық және ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы.

Токтарбекова Лаура Ниязбековнаның «Қазақстанның мәдени-әлеуметтік кеңістігіндегі ислам дәстүрі: дінтанулық талдау» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысының мазмұны әлеуметтік-қоғамдық ғылымдар дамуының басым бағыттарына байланысты және қазіргі заманғы қоғамдағы мәселелерді зерттеу арнасында маңызға ие.

Елімізде демократиялық ұстанымдардың қалыптасуы нәтижесінде діннің қоғамға әсері, орны мен мәні айтарлықтай артты, қоғамдық беделі мен қадірі өсті, нәтижесінде жалпы діндер еліміздің қоғамдық дамуының ажырамас бөлігіне айналды. Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық және саяси жүйенің реформалану процесінде және мемлекеттік-конфессиялық арақатынастың орнығу процесінде барлық діни ұйымдар өздерінің ілімдерін таратуда теңдей құқық алды. Бұл өз кезегінде қоғамдық өмірдің қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени, рухани, қайырымдылық салаларына өз үлестерін қосып, сол арқылы діннің және діни институттардың әлеуметтік функциясын жүзеге асыруға мүмкіндік берді.

Қазіргі исламдық дискурсты және оның қазақстандық қоғамдағы діни бірегейлікті қалыптастырудағы мәнін объективті зерттеу ортағасырлық Қазақстанның діни кеңістігіндегі ханафи мәзһабымен сипатталатын суннилік исламды қабылдау барысындағы рухани және тарихи факторларды ашып көрсетуді, ислам дәстүрінің ұлттық мәдениет пен діни әдебиеттегі көрінісін айқындауды, дәстүрлі діни дүниетаным мен ислам діні арақатынасын анықтауды, діни дәстүрдің сабақтастығын зерделеуді қажет етеді.

Исламның қазақ даласына таралуының бірқатар өзіндік ерекшеліктері мен кезеңдері болған. Исламға дейін Орталық Азия мен Түркістанда тәңірішілдікпен қатар, иудаизм мен христиандықтың, буддизм мен зороастризмнің болғаны белгілі. Ислам дінінің қазақ даласына сіңуіндегі басты ерекшелік, сол дәуірдегі ислам өркениетінің басқа мәдениеттерге қарағанда озықтығы болса, екіншіден, түркілердің ислам дінін қабылдауда олардың дәстүрлі дүниетанымындағы тәңіршілдік түсініктеріндегі

ханифалық монотеистік белгілердің исламдық тәухидтік ұғымдармен формалық жағынан ұқсастығы маңызды рөл атқарды.

Осыған орай, Токтарбекова Лауранның диссертациялық жұмысының тақырыбы заманауи мәселелер мен ислам дінінің негіздерін ғылыми тұрғыдан жаңадан зерделеу мен оның қазақстандық мәдениет үшін маңызды қырларын айқындаумен байланысты болғандықтан, өзекті болып табылады.

2. Диссертацияға қойылатын талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелері.

Диссертацияның ғылыми нәтижелері қойылып отырған мәселені талдаумен, қажетті материалдарды кеңінен қолданып, саралаумен түбегейлі байланысты. Диссертант қойылған міндеттерді шешу барысында жеті іргелі ғылыми нәтижелерге қол жеткізген:

бірінші нәтижесінде дін құбылысының мәні мен болмыстық сипаттамасы дінтанулық тұрғыдан жан-жақты зерттелген;

екінші нәтижесінде діни дәстүрлердің қалыптасуы мен дамуы қоғамның жалпы зайырлылық деңгейін айқындайтын көрсеткіш екенін салыстырмалы дінтанулық зерттеулерден өткізген;

үшінші нәтижесінде ислам руханилығын айқындау барысында ислам догматтары мен канондары негізінде ислами дәстүрлерді тұжырымдау үшін ислам руханиятына тән іргелі дәстүрлі ұстанымдар мен негіздердің түбегейлі қырлары айқындалған;

төртінші нәтижесінде исламдық бірейлікті қалыптастыратын рухани-адамгершілік тәсіл ретінде ислам өмірі парадигмасының онтологиялық сипаты ашылған;

бесінші нәтижеде Батыс Еуропадағы ислам дәстүрінің мәдени интеграция мәселелері зерделеніп, ислам дәстүрі мен оның мәдени дәстүрлерінің сабақтастығы зерделенген;

алтыншы нәтижеде Қазақстандағы ислам дәстүрінің ерекшеліктері мен әмбебап көріністері дінтанулық тұрғыдан ғылыми сараптаудан өткізілген;

жетінші нәтижеде ислам дәстүрінің қазақстандық бірейгелікті қалыптастырудағы рөлі мен маңызы әлеуметтік сауалнамалар аясында зерделенген.

Диссертациялық жұмыстың ғылыми нәтижелері бір-бірімен тығыз байланысты. Әр ғылыми нәтиже келесі ғылыми нәтиженің мәнін ашуға себепші, әрқайсысы теориялық тұрғыдан негізделген, практикалық тұрғыда салыстырмалы түрде сараланған және толық қорытынды жасалған.

3. Ізденуші диссертациясында тұжырымдалған әрбір нәтиженің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және шынайылық дәрежесі.

Бірінші ғылыми нәтиже нақты, әрі жан-жақты негізделген. Дін құбылысының мәні мен болмыстық сипаттамасы ғылыми тұрғыда жан-

жақты айқындап, зерттеген. Аталмыш ұғымды негіздеу барысында теориялық маңызды дереккөздерге және заманауи ғылыми әдебиеттер мен мақалаларға жүгінген.

Екінші ғылыми нәтиже дәйектілігі нақты және дәлелденген деп бағалаймын. Діни дәстүрлердің қалыптасуы мен дамуы қоғамның жалпы зайырлылық деңгейін айқындайтын көрсеткіш екенін салыстырмалы дінтанулық зерттеулерден өткізген.

Үшінші ғылыми нәтиже нақты дәйектелген. Ислам дәстүрінің ерекше құбылыс ретіндегі ислам руханилығын және діни тәжірибесін айқындау барысында ислам догматтары мен канондары негізінде іргелі дәстүрлі ұстанымдар мен негіздердің түбегейлі қырлары айқындалады.

Төртінші ғылыми нәтиже ислам өмірі парадигмасының онтологиялық сипатын ашу барысында көптеген шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектеріне жүгіне отырып зерттеледі.

Бесінші ғылыми нәтиже нақты және іргелі негіздеулерге бағытталған. Ислам мәдениеті мен дәстүрі Батыс Еуропалық кеңістікте де өзінің әлеуметтік институт ретіндегі орнын бекітіп келе жатқаны көрсетіліп, оның әрқилы елдердегі өркениеттік бейімделу сипаттары сыни тұжырымдалған.

Алтыншы ғылыми нәтиже негізделген және дәйектелген. Ислам дәстүрінің тарихи-өркениеттік қасиеттерін айқындайтын өзіндік сипаттамалар берілген және қайшылықты тұстары сыни сараптаудан өткізілген.

Жетінші ғылыми нәтиже айқын әрі дәлелді. Қазақстанның көптеген аймақтарында жүргізілген әлеуметтанулық зерттеулердің нәтижелеріне сүйене отырып, ислам дәстүрінің қазақстандық бірегейлікті қалыптастыру мен руханилықты дамытудағы рөлі анықталған.

4. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиже (қағида) мен қорытындының жаңашылдық деңгейі.

Бірінші ғылыми нәтиже салыстырмалы жаңа. Себебі, ізденуші діни дәстүрді діни-мәдени болмыстың тәжірибесін сақтаушы және таратушы діни мәдениеттің феномені ретінде қарастырады.

Екінші ғылыми нәтиже салыстырмалы түрде жаңа. Діни дәстүр әлеуметтегі діннің тұрақтылығы мен сақталуының маркері ретінде анықталады.

Үшінші ғылыми нәтиже салыстырмалы жаңа болып табылады. Ислам руханилығын айқындау барысында ислам догматтары мен канондары негізінде ислами дәстүрлерді тұжырымдаған.

Төртінші ғылыми нәтиже салыстырмалы түрде жаңа. Ислам өмірінің өзіндік парадигмасын айқындайтын болмыстық негіздер көрсетіліп, рухани-адамгершілік құндылықтар жүйесі қоғамдағы және тарихи эволюциядағы исламдық бірегейлікті қалыптастырушы басты рухани фактор болып табылатындығы дәлелденді.

Бесінші ғылыми нәтиже салыстырмалы жаңа. Батыс Еуропадағы ислам мен оның өзегін сақтау шартында ислам дәстүрі мен оның мәдени дәстүрлерінің сабақтастығы туралы мәселе зерделенген.

Алтыншы ғылыми нәтиже жаңа болып табылады. Қазақстандағы діни дәстүрдің қалыптасуы мен дамуының өзіндік ерекшеліктері мен әмбебап көріністері дінтанулық тұрғыдан ғылыми сараптаудан өткізіліп, өзіндік сипаттамалар беріліп, қайшылықты тұстары сыни сараптаудан өткізілген.

Жетінші ғылыми нәтиже салыстырмалы түрғыда жаңа. Діни дәстүрлердің қазақстандық бірегейлікті қалыптастырудағы рөлі анықталып, қоғамның рухани саласын тұрақты дамытудың факторы ретіндегі орны көрсетілген.

5. Алынған нәтижелердің практикалық және теориялық маңыздылығы.

Ізденуші Лаура Токтарбекованың диссертациялық жұмысы барысында зерттеген «ислам дәстүрі» тұжырымы теориялық тұрғыдан негізделген, практикалық маңыздылығы айқындалған. Диссертациялық жұмыстың ғылыми-теориялық және практикалық нәтижелері Қазақстанның мәдени-әлеуметтік кеңістігінде ислам дәстүріне философиялық-дінтану және мәдени-әлеуметтік талдау жүргізілуіне байланысты маңызды теориялық мәнге ие болады. Қазіргі заманғы Қазақстанның мәдени-әлеуметтік кеңістігіндегі ислам дәстүрі мен ислам мәдениетінің рөлін, зайырлы құндылықтармен интеграциялау мәселелерін терең зерттеуге мүмкіндік береді.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы алынған нәтижелерді отандық дінтану саласындағы ислам дәстүрі, исламтану және дін саласындағы Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясаты мәселелері бойынша элективті курстарды әзірлеу үшін пайдалануға болатындығымен анықталады.

Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткіліктігіне растама.

Диссертациялық зерттеу жұмыстың нәтижелері **12 ғылыми мақалада** көрініс тапты: соның ішінде, ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы Бақылау комитеті ұсынған философия, саясаттану, мәдениеттану, тарих, экономика, гуманитарлық пәндер бойынша диссертацияның негізгі қорытындыларын жариялауға арналған **арнайы журналдарда – 4;** шетелдік және отандық республикалық және халықаралық ғылыми **конференциялардың жинағында** – 7; Scopus базасында индекстелетін нөлдік емес **импакт-факторы бар журналда – 1.**

6. Диссертация мазмұнындағы және рәсімдеуіндегі кемшіліктер мен ұсыныстар.

Л.Н.Токтарбекованың диссертациялық зерттеу жұмысы жоғары теориялық және әдістемелік деңгейде жазылған. Соған қарамастан, жұмыста бірқатар кемшіліктер кездеседі:

- Араб елдеріндегі тек гендерлік саясаттағы реформалар қарастырылған, алайда одан басқа өзекті тақырыптарды қозғаса, ғылыми жұмыс жақсара түсер еді;

- кейбір жерлерде иудаизм, кей жерлерде яһуди деп келтірілген, немесе кейбір жерлерде Алла сөзі «h» әрпімен жазылған. Мысалы, (Ислам сөзі «бейбітшілік» (аллаһтың заңдырана) бағыну. Аллаһтың алдында және т.б. (22 бет). Мамандарымыз «Алла» сөзінде «h» әрпінің қолданылмайиынын ескерулері керек. Бұған ҚМДБ арнайы шешімі де шыққан.

- «Алла» сөзі бір жерде кіші әріппен екінші жерде бас әріппен жазылады. «Алла» сөзі жалқы есім, сондықтан да ол кіші әріппен емес, бас әріппен жазылуы тиіс. «Алла» сөзін кіші әріппен жазу Кеңес үкіметінен қалған үрдіс қана;

- мәтінде ұзақ күрделі құрмалас сөйлемдер көп кездеседі. Олар айтылған ойды толық түсінуде бірқатар кедергілер тудырады.

- зерттеу жұмысындағы үшінші тараудың бірінші бөлімі: «Қазақстандағы ислам дәстүрінің ерекшеліктері мен әмбебаптылығы» деп аталады (84-98 бб.). Жалпы беттің көлемі – 14 б. Ізденуші осы он төрт беттің 6 бетін Иран мен Тұран қақтығысынан бастап, Заратустра кейін шаманизм, тәңіршілдікке арнаған. Тақырыптың кіріспесіне осынша бет арнамай-ақ, оны ықшамдап, керісінше «Қазақстандағы ислам дәстүрінің ерекшеліктері мен әмбебаптылығын» осы діннің ерекшелігін айту арқылы ашуға күш салса диссертацияның құндылығы арта түсер еді.

- диссертацияда пайдаланылған әдебиет саны 169. Көрсеткіш саны жақсы бірақ, отандық ғалымдардың еңбектерін әлі де косу керек сияқты. мысалы, «Дін мен дәстүр» ҚМДБ 2017 ж. Екі том., Ш. Әділбаева. «Хадис – ғұрпымыз, сүннет – салтымыз» А. 2011. С.Сейітбековтің «Иман негіздері» және т.б.

Ескертусіз, кемшіліксіз жұмыс болмайды. Зерттеу нәтижелері ізденушінің дұрыс бағытта екенін көрсетеді. Сондықтан, аталған кемшіліктерге қарамастан, ізденуші зерттеу барысында қойған мақсаты мен міндеттеріне қол жеткізді деп есептеймін. Берілген ұсыныстар мен кемшіліктерді докторант өзінің болашақ зерттеулерінде ескереді деп санаймын.

Диссертация мазмұнының Ғылыми дәреже беру ережелерінің талаптарына сәйкестігі.

Диссертант Л.Н.Токтарбекованың қорғауға ұсынылған диссертациялық зерттеу жұмысы ғылыми жағынан өзекті. Жұмыс толық аяқталған және өзінің көздеген мақсатына жеткен. Диссертант өз ойлары мен ғылыми тұжырымдамаларын дәлелдеу барысында әдістемелер мен ғылыми әдістерді оңтайлы пайдалана білген. Диссертанттың зерттеу жұмысы қазақстандық дінтану және мәдениеттану ғылымдарына өзіндік үлес қосады деп айтуға болады.

Л.Н. Токтарбекованың «Қазақстанның мәдени-әлеуметтік кеңістігіндегі ислам дәстүрі: дінтанулық талдау» тақырыбындағы зерттеу

жұмысының мазмұны ҚР БҒМ Білім және ғылым саласын бақылау жөніндегі Комитеттің «Ғылыми дәреже беру ережесінің» 2-ші бөлімінің талаптарына сәйкес орындалған.

Жоғарыда айтылған мәліметтерге сәйкес жұмыстың авторы Лаура Ниязбековна Токтарбекованың «6D020600 - Дінтану» мамандығы бойынша философия докторы (Ph.D.) дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

Ресми сын-пікір беруші:
Нұр-Мүбарак Египет
ислам мәдениеті университеті
Академиялық мәселелер департаментінің директоры,
философия ғылымдарының
кандидаты, доцент м.а. Ж.С.Сандыбаев